

Тексерілді : Мәсіеу

«Жолшы» бөбекжай бақшасы КМҚК-ның

әдіскері: Жоламанова С

2024-2025 жылға арналған «Еркетай» кіші тобының өткізілетін ата аналар жылдық жұмыс жоспары.

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Уақыты	Жауапты адам
1	Ата аналарға арналған жиналыс		Қыркүйек 2024 жыл	Әдіскер, топ тәрбиешілері
2	«Күздің әсем бояуы» сурет және табиғи материалдардан көрме «Жолшы» ата аналарының күз байлығына арналған жәрмеңкесі	Көрме Жәрмеңке Аналар мектебі	Қазан 2024 жыл	Әдіскер, топ тәрбиешілері, музыка жетекшісі, ата аналар
3	Шебер ана, бақытты бала	Сайыс	Қараша 2024 жыл	Тәрбиешілер музыка жетекшісі,
4	Қыстағы қызық ойындар!	Қыс мезгіліндегі ойындар	Желтоқсан 2024 жыл	Тәрбиешілер, ата -аналар
5	«Балалар қандай әдеби ертегі кітаптар қарау керек» Біз балаларға ертегі айтамыз. Балаларға қандай ертегі кітаптар қажет	Аталар, әжелер, аналар, қатысуымен Видеоролик, электронды кітаптармен жұмыс	Қаңтар 2025 жыл	Тәрбиешілер музыка жетекшісі
6	«Ашық есік күні» Тәрбиешілердің күн тәртібіне байланысты ұйымдастырылған іс-әрекет жұмысын топта көрсетуі.	Ашық көрсетілімдер, бөбекжай ішінде саяхат Ата-аналардың қатысуымен	Ақпан 2025 жыл	Тәрбиеші

7	Әкешім -баға жетпес байлығым	Әкелер мектебі	Ақпан 2025 ж	Әкелер
8	Наурыз мерекесіне байланысты топта «көрісу ,амал» салт –дәстүр мерекесін көрсету.	Тәрбие жұмыс жоспары Ата-аналар, ата-әжелер қатысуымен	Наурыз 2025 жыл	тәрбиешілер
9	Ата-аналардың қатысуымен аумақты көркейту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.	Еңбек әрекеті,сенбілік ұйымдастыру	Сәуір 2025 жыл	Әдіскер, психолог
10	«Жасанды интеллект технологиялары, балалар үшін пайдасы мен зияны»	Әкелер,аналар	Мамыр 2025 жыл	Психолог, тәрбиешілер

Қатысқаны: 25

Қатыспағаны: 2

## Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Танысу. Топпен, топтың атауымен, тәрбиешілерімен.
2. 2-жасқа арналған топ бағдарласымен таныстыру.
3. оқу іс-әрекет түрлерімен таныстыру.
4. Келісім шартқа отыру.
5. Ата-аналар төрайымын сайлау.
6. Ата-аналарға арналған ситуациялық сұрақтар.

### Тыңдалды:

1. Ата-аналар жиналысын менгерушісі Мырзағалиева Ажар ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Балабақшаға келген әрбір бала осы балабақшаны бітіріп кеткенге дейін осы үйдің туған бөбегіндей болып тәрбиеленеді, білім алады, жан-жақты дамиды, жетіледі. Балаларыңыз балабақшаға қабылданғаннан бастап тәрбиешілер олармен жеке жұмыс жүргізеді. Олардың тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыпт астыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жұмыстар жүргізіледі. Балабақшаның бекітілген күн тәртібі арқылы балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады, яғни таңертеңгілік жаттығу, таңғы ас, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, серуен, түскі ас, түскі ұйқы, ұйқыдан ояну, бесінді асы, ойын түрлері- барлығы өз уақытымен өткізіліп отырады. Бұл топ балалары 2 жастан болғандықтан, 2-ші кіші тобы деп аталады, яғни «Еркетай» тобы. Тәрбиешілері Улукпанова Б және Кадирова В

2. Тәрбиеші Улукпанова Б. ата-аналарға ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерімен таныстырды. Бұл топта 24 сағат ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өтеді, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұзақтығы 15-20 мин. Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, бейнелеу өнері (мүсіндеу, сурет, жапсыру), құрастыру, сенсорика, дене шынықтыру өтіліп отырады. Мерекелік ертеңгілігіміз өтіліп отырады. Мерекеде, әуез, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті жүргізіледі. Және де әр мереке сайын балаларға тақпақтар, өлеңдер, билер үйретіледі. Мерекеге сай балаларыңызды киіндіріп жіберіп отырасыздар және де келіп көрулеріңізге де болады. Әр ата-ана өз пікірін айтты.

3. Тәрбиеші Кадирова В. ата-аналарды балабақшаның келісім шартымен таныстырып, оны әр ата-анаға таратып берді. Келісім шарт балабақшаға келген күннен бастап өз күшіне енеді және де бір жылға ғана жарамды. Келісім шарттың барлық бөлігіндегі міндеттерді орындау екі жақтың да міндеті. Әр айдың 10-на дейін балаларыңыздың тамақтануына төлемақыны уақытылы төлеп қоюға міндеттісіздер дей келе, ата-анаға балаларын балабақшаға 9-ға дейін әкеліп, кешкі

сағат 18.30-ге дейін алып кетулерін,және де баланың үстін таза етіп әкелулерін ескертті.

4. Ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылды.Әр ата-ана сауалға өз ойларын білдіріп, ортаға салды. Сұрақтарға ауызша жауап берді.

Ата-аналар арасынан бірауыздан ойласа келе, орталарынан қолы бос жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады.

Олар: ата-ана комитетінің төрайымы: Егізбаева Камшат

Мүшелері: Азербаета Перизат

Шәбекова Алтынгүл

**Жиналыс қаулы етті:**

1.Балабақша күн тәртібі қатаң сақталсын.

2.Келісім шарттың барлық шарттары орындалсын.

3.Балабақша іс шараларына әр бала уақтылы қатыссын.

Хатшы:

Кадирова .В

Төрайымы:

Жоламанова. С



## Күздің әсем бояуы

«Жолшы» бөбекжай –бақшасының ата –аналары мен балаларының күз байлығына арналған жәрмеңкесі.Көрме.

Тәрбиелік мақсаты: Көрменің мақсаты: балалардың эстетикалық сезімдерін, бейнелі түсініктерін, қиялын және шығармашылығын дамыту, жұмыста қоршаған өмірден алған әсерлерін бейнелі түрде көрсете білуін бекіту, ата-аналарды БҚҚ тіршілігіне тарту және ұйымдастыру.Балаларға қолдан жасалған көрме арқылы логикалық ойларын дамыту. Керек емес құралдар арқылы балалардың қолдарынан келген көрмелер жасау. Өздерінің жасаған көрмелерін балаларға көрсетіп қызығушылықтарын арттыру. Балалардың көрмеге деген қызығушылығын арттыру.

Міне, қабағын түйіп жаңбырлы күз де келді. Күз – молшылықтың, байлықтың, берекенің айы. Қырман басы тазаланып, бау – бақша жиналып, құс базары тарқайтын кез.

Ендеше, күз дегеніміз, біріншіден, байлық, молшылық: қаптаған астық, картоп, жүгері, күнбағыс, қарбыз, қауын, алма, өрік, жүзім. Сондықтан далалық күзді «алтын күз» дейді. Күз - қауырт жұмыстың кезі. Қылышын сүйретіп келе жатқан қысқа дайындалатын кез. «Күздің бір күні қыстың бір айын асырайды». Күзде аянбай еңбек етсең, қыста қысылмайсың. Қысқа адам да, аң да, барлық жан - жануарлар да дайындалады. Күзде жыл құстары жылы жаққа қайтады, сөйтіп олар да қыстан аман шығуға әрекет жасайды. Күзде күн қысқарып, түн ұзарады, жауын - шашын көбейеді. Міне, сондықтан да күздің осындай әрбір ашық күнін пайдаланып, мол өнімді тез жиып алу керек.

Осыған орай, «Еркетай» тобында «Күздің әсем бояуы» атты мерекелік көрме ұйымдастырылды.

«Күздің әсем бояуы » атты көрмеге тобымыздың барлық бүлдіршіндері мен ата-аналары да өздерінің қолдарынан келгенше шеберліктерін көрсетіп, мол сый тарту етті. Көрменің қызықты да, сәнді өтуіне себеп болған ата-аналардың жасаған ертегі кейіпкерлері мен әр түрлі заттардың мүсіндері көздің жауын алардай тартымды болды.

Табиғаттың сұлулығын, байлығын, жемістер мен көкөністердің адам өмірінің денсаулығына мол пайдасы бар екендігін бүлдіршіндерге жеткізу мақсатында өткізілген, бұл іс-шара келгендерді үлкен әсерге бөледі. Жыл сайынғы «Күз сыйлықтары» көрмесі суық күзгі ауа райында бізді жарқын жылы түстермен қуантады, сергектік пен жақсы көңіл-күй сыйлайды.

Балалар өздеріне керек емес дүниелерден көрме жасаған. Әр бала өзінің ойларын толық айтып тәрбиешінің көмегімен көрмелер жасаған. Олар ағаш бұтақтары, жапырақтар, мақталар, қағаздардан, түрлі-түсті қарындаштардан, түрлі-түсті картондардан өз қолдарымен көрме дайындаған.

Балабақшада өткен көрмені балалар «өте жақсы» жасады.

Күз-жылдың ең жарқын уақыты. Күздің алғашқы белгісі-көрінбейтін суретші ағаштардың тәждерін ашық түстермен бояғандай, жапырақтардың

түсінің өзгеруі. Ағаштар суықтың жақындағанын сезіп, бүкіл дөңгелек билерді-жапырақтардың құлауын ұйымдастырады, олар оны жақындап келе жатқан суықтан жылыту үшін жерді ашық қызыл-сары кілеммен жауып тастағандай. Ауада ерекше күзгі иіс пайда болады.

Біздің балабақшада "Күзгі жәрмеңке" көрмесі ашылды. Көрме қатысушылары: тәрбиеленушілер, ата-аналар, педагогтар. Барлық жұмыстар өзіндік және күрделілігімен ерекшеленді.

Біз не істегенімізге таңданыңыз!

Ал «Еркетай» тобы бүлдіршіндері өз ата - аналарымен бірге күздік қолөнер бұйымдарын қолдан жасаған. Ата-аналар мен балаларға белсенді қатысқаны үшін алғысымызды білдіреміз.

# “Шебер Ана, бақытты бала”



## **Тақырыбы: «Шебер ана ,бақытты бала» отбасылық сайыс**

**Мақсаты:** Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында құрылған,отбасындағы ұлттық құндылықтарды дәріптеу ,тәрбиенің маңыздылығы, ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе – бала тәрбиесі жайлы түсінікті тереңдете түсу. Баланы бауырмалдыққа, адмагершілікке, әдемілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты арттыру. Балаларды шығармашылық қабілетін, белсенділігін дамыту.

Қош келдіңіздер құрметті ата-аналар!

Бүгінгі біртұтас тәрбие бағдарламасының аясында ұйымдастырылып отырған шарамыз отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының сабақтастығын жандандыру мақсатында «Шебер ана,бақытты бала» атты ата-аналар мен бүлдіршіндердің қатысуымен өтетін отбасылық сайысқа қош келдіңіздер!

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы-жанұясы. Жанұялық тәрбие ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынастық жүйе. Адамға тәрбиені ата-ана, балабақша , қоғам береді. Бала тәрбиесіндегі басты тұлға, алғашқы ұстаз – ата-ана. Бала үшін үй ішінде ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Ия, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің» демекші, ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойында барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, білім алуына жағдай жасау ата-атаның парызы.

1. Өнер қуып балалар өтер деймін  
Бір басына өнері жетер деймін  
Бәске түскен отбасы кезектесіп  
Таныстырып өздерінен өтер деймін.

### **Анасымен баласы**

1. Жақсы адам кімге болсын болар пана,  
Мол оның тал бойында ақыл сана  
Көркіне ақылы да сай келетін  
Қалабай Ахмедиярдың отбасы ортамызда.

Батыр ,бес баланың анасы Ажмұратова Жайнагүл Абдрахимқызы ұлы  
Қалабай Ахмедиярмен ортаға шақырамыз.

### **Анасымен қызы**

2.Абай мен Мұхтардай, Ұлпан мен Шұғадай ұрпақ өсіруді алдына мақсат етіп отырған Тынышқали Аймекеннің анасы Ташпеннова Камшат Жолдығалиқызын ортаға шақырамыз.Төрт баланың анасы.

3. Үш ақ нәрсе аламның қасиеті:Қайрат,ақыл,жылы жүрек,-деп Абай атамыздың сөзін жүрекке түйіп,жүректің жылуыны,махаббат,ар-намыс,қайрат-жігер дегенсезімдері бар рухтың мекені-отбасында деп ойлайтын Русланқызы Әминаның анасы Жұмағазина Гүлдана Әмірханқызын шақырамыз. Төрт баланың анасы.

4. Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты.

Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін,-деп өз ұл қыздарының болашақта биік шыңға шығатынына сенімді Абдул Кемеңгердің батыр анасы Қарасаева Гүлдана Аманқосқызын шақырамыз .Бес баланың анасы.

Құрметті ата-аналар. Сайыс ережелерімен шарттарымен таныс болыңыздар.

Тәрбиеші: Аналар бар өнерін салары анық,  
Өнегелі тәлімді алған қанып.  
Ал ендеше таныстырып өтейін мен,  
Бөлімдерін сайыстың бөліп жарып.

Сайыстың бағдарламасы:

**1 кезең.** Суретті мақалды жалғастырып айту ойыны.

**2 кезең.** Әр түсіне байланысты балалар ою өрнекті марблс тастарымен әшекейлеп шығады

**3 кезең.** Қызықты сұрақтар

**4. кезең:** Үй тапсырмасы Белгілі ою өрнектермен құрастырылған көрпешіктерді мамалары таныстырып өтіп,балалары сәйкестендіреді

**5 кезең:** Бәйге .Мамалар жарысы.

**6 кезең :** «Кездескенше»

Тәрбиеші:

Әділ қазы шешеді

Істің ақ пен қарасын

Отбасылық сайыстың

Әділ берер бағасын, - ендігі кезекте сайысымызға баға беретін әділқазы мүшелерімен таныс болыңыздар!

1.Балабақша меңгерушісі:

2.Балабақша әдіскері:

3.Ата аналар комитетінің мүшесі:

**1 кезең.** Суретті мақалды жалғастырып айту ойыны

Қыз өссе елдің көркі,

Гүл .....

Оқу білім бұлағы,

Білім .....

Еңбектің наны тәтті,

Жалқаудың .....

Бұлақ көрсен,

Көзін .....

**2 кезең.** Әр түсіне байланысты балалар ою өрнекті марблс тастарымен әшекейлеп шығады

Балалар жұмыстанады.

**3 кезең.** Қызықты сұрақтар

. Тыңдаңыздар, халайық!

Босқа қарап тұрмайық.

Кезегі енді сайыстың

Сұраққа жауап табайық ! – сайысымыздың үшінші кезеңі бойынша ситуациялық сұраққа жауап береміз.

1. Балаңыздың туған күні?
2. Топ тәрбиешісінің толық аты-жөні?
3. Балаңыз қандай өлшемде аяқ киім киеді?
4. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
5. Балаңыздың бірінші тісі қанша айында шықты?
6. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
7. Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен, қандай сөз аузыңызға түседі?
8. Сіз тәрбиешісіз. Сіздің топта біреудің жалғыз баласы бар. Ол бала өте тынышсыз, тәрбие беруге көнбейді. Ұрыссаңыз ата-анасы ренжиді, ұрыспасаңыз бала өте тәртіпсіз, сіз қандай шара қолданасыз?

**Сергіту жаттығуы:** Би билеп ал біреуі ән салыпты

Бүгінгі отбасы сайысында

Өнерлерін көрсетіп жан салыпты,- сайысымыз әсерлі

әдемі өту үшін сергіп алайықшы.

Музыка пән маманы ата -аналармен оркестр ойнайды.

**4. кезең:** Үй тапсырмасы Белгілі ою өрнектермен құрастырылған көрпешіктерді мамалары таныстырып өтіп,балалары сәйкестендіреді

**5 кезең:** Бәйге .Аналар жарысы.

**6 кезең :** «Кездескенше»

Тәрбиеші: Ата аналар барлығымыз шеңбер құрып тұрамыз. Менің қолымда кішкентай ғана «Сиқырлы күн таяқшасы» тұр. Ол сіздерге жылу, қуаныш, табыс, бақыт, сүйіспеншілік сыйлайды. Сіздер оны бір-бірлеріңізге беріп, бүгінгі шарамыздан алған әсерлеріңіз туралы пікір білдіріңіздер. Ата –аналар бір -бірлеріңізге тілек айтыңыздар. Осымен сайысымыз да өз мәресіне жетті. Ендігі кезекті әділ-қазылар алқасына берейік.

Қорытынды.

Отбасыларға «Өнерлі отбасы», «Мерейлі отбасы», «Шебер отбасы», «Өнегелі отбасы» номинациялары беріледі.

Тәрбиеші:

Көрдіңіздер бүлдіршіндер өнерін,

Ән салысып, би билеген өренің

Қалай ғана тамсанбасқа болады,

Мен болашақ жұлдыздарды көремін! - дей отырып бүгінгі отбасылық сайысымызды аяқтаймыз. Құрметті, ата-аналар, балалар, жүлделеріңіз құтты болсын! Әр уақытта осындай үлгілі, ұйымшыл, көңілді отбасы болуларыңызға тілектеспіз.

Құрметті қонақтар, уақыт бөліп келгендеріңізге көп-көп рақмет.

# Қыстағы қызық ойын



«Жолшы» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Бекітемін: 

«Жолшы» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Әдіскер: Жоламанова С

**Қыстағы қызық ойындар**  
**«Еркетай» кіші тобы**

Тәрбиешілер: Ұлықпанова Б  
Кадирова В

2025 ж

## Қыстағы қызық ойындар

Мақсаты:

Күртiк қар, ұша қар.

Көрнекiлiгi:

1. Шаңғышы, коньки тебуші, велосипедші, шана бейнеленген суреттер;
  2. «Қысқы ойындар «видеотаспасы»;
  3. Дидактикалық ойын «Суретті құрастыр»
  4. «Туыс сөздер» ойынына қатысатын демонстрациялық суреттер.
  5. Сазды әуен.( педагогтың таңдауымен)
- Әдіс – тәсілі: Көрсету, баяндау, сұрақ – жауап.

1. « Аққала»

Мақсаты: Балалардың психо-эмоционалдық жағдайын, бұлшық ет жүйесінің жұмысын жақсарту. Таза ауада жаттығулар жасау.

Жүрісі: Балалар дөңгеленіп тұрады. Көздерін жұмып, денесін бір қалыпты күйге түсіреді. Айналаның бәрі аппақ қар. Балалар аналарымен қардан аққала жасай бастады.. Алдымен оның денесін, басын жасады. Енді оның екі жаққа созып тұрған қолын ағаш бұтағынан жасады. Басына шелек кигізіп, көзін, мұрынын салды.. Аққала үлкен әрі әдемі болып аяғын нық басып тұрды. Ол балаларға қарап жымылып тұрғандай болды Балалар қатты қуанды. Көзімізді ашамыз.

2.Педагог балаларға сұрақ қояды.

Педагог:

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс)

- Сендердің әрқайсыларыңның қыс кезінде сүйіп ойнайтын ойындарың бар.

Осыған орай біз қазір

«Сөйлемді аяқта» ойынын ойнаймыз. Балалар бір – біріне қар ұшқының( қаршық) беріп тұрып, «Мен қысты жақсы көремін, өйткені...» деп сөйлемді аяқтайды. Келесі бала да осылайша жалғастыра береді.

Балалардың жауабы.

- Қыста мен қар лақтырып ойнағанды ұнатамын.

- Қыста мен аққала жасаймын.

- Қыста мен коньки тебуді ұнатамын.

- Қыста қардан мұнара тұрғызамыз.

3. Педагог:-- Ал, балалар енді аналарымыз шанамен жарысады

«Кім бірінші».

4.«Мерген» ойыны ойналады.

Нысанға қарды көздеп ату

5. Балалар аналарымен кез келген мүсін жасайды.

Педагог қыс туралы өлең жолдарын балалармен бірге айтады.

Далада қар борайды,

Ақ мамыққа орайды.  
Мұз болады, қатады  
Жып жылтыр боп жатады.  
Аралайды бақшаны,  
Үзілмейді жақсы әні.  
Гүлденеді бақшалар,  
Жауса жаусын ақша қар.

Педагог: Құрметті аналар ,балапандар қыстағы әдемі ойындарымыз өз мәресіне жетті.

«Жолшы» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны «Еркетай» кіші тобының 2024 жылдың жарты жылдығына арналып бекітілген оқу-тәрбие жұмыс жоспарының хабарламасы.

## Хабарлама

Тәрбиешінің 2024 оқу жылындағы жарты жылдық есебі.

«Жолшы» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының «Еркетай» кіші тобында 2024 жылдың қыркүйек айынан желтоқсан айы дейінгі аралықта 28 бүлдіршін тәрбиеленді. Оның 13-і қыз бала, 15-і ер бала білім алып тәрбиеленді. Балалардың жас деңгейі аралас.

Тәрбиешінің алға қойған мақсаты:

Оқыту мен тәрбиелеу барысында балаларға біртұтас тәрбие бағдарламасы

әжелер мектебі, аналар мектебі, әкелер мектебі бойынша оқыту тәрбие жұмыстарын жүзеге асырып ұлтық салт дәстүрімізді жаңғыртып бүлдіршіндер бойына сіңіру, тәрбиелеу, дәріптеу, сөздер үйрету, тілін, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге тәрбиелей отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдана алатындай әрі күнделікті іс – әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасын орындау мақсатымен жылдық жоспардың міндеттерін жүзеге асыра отырып, осы балаларға жан жақты білім беру көзделді.

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға жаңғыртылған дәстүрімізді ұлтық ойындармен толықтыру, ойын арқылы және дәстүрден тыс жасалынатын технологиялар қолдана отырып, ой-өрісін ұсақ қол моторикасын дамыту.
2. Айналадағы адамдармен араласуға қабілеті тұлғаны тәрбиелеу үшін баланың қажетті коммуникативтік дағдыларын және тілдің сөздік қор жағын қалыптастыруды жалғастыру

3. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту барысында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастырып, негізгі қимылдарға жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып, қимыл белсенділігін жетілдіру.

2023-2024 жылдары отбасымен балабақша арасындағы тығыз байланыс, яғни екі жақта да оқыту мен тәрбиелеудің міндеттеріне кеңірек көңіл бөлінсе ғана жұмыстың жүретінін ата-аналарға айтып, кеңестер беріп және де ата-аналармен бірге тренинг өткізілді.

Қыркүйек айында ата ана, балалармен «Күздің әсем сыйы» атты күз өнімдерімен көрме жасақталды. Ата аналармен «Күздің өнімдерімен» күз жәрмеңкесі жасақталды. Апталық дәйек сөздерді негізге ала отырып «Ас атасы нан!» тақырыбында тәрбие жұмыстары жүргізілсе «Мен және қоршаған орта» тақырыбында үлкендердің көмегімен ертегі ойын сауық шарасы өткізілді. «Өнер көзі халықта» тақырыбы аясында тәрбиеші және музыка жетекшісінің жетекшілігімен ұлтық аспаптармен әндер үйренді. Балалар алғашқы «Білім күні» алған білімдері бақылауға алынды. Жаттаған тақпақ әндерімен, ойын жарыстармен бұл мерекемізде өз деңгейінде өткізілді. «Ғажайыптар әлемінде» ұйымдастырылған оқу іс әрекетімізде эксперимент жұмыстарын жүргізген тәрбиеші Ұлықпанова Б. балалармен керемет әсер алдық. Әр оқу қызметінде жаңадан енгізілген әдістемелік нұсқауларды пайдалана отырып, оқу қызметі жүйелі түрде өткізілді. Аналар мектебінің жоспары бойынша «Шебер ана бақытты бала» атты ана мен бала арасында сайыс өткізілді.

«Тәуелсіздік тәңір сыйы» Республика күніне орай «Еркетай» кіші тобында ертеңгілік өтті. Өткізген тәрбиеші Кадирова В, Ұлықпанова Б, Жаңабаева А. **Сюжеттік рөлдік ойындар:** «Емхана», «Отбасы», «Дәріхана» құралдарымен дұрыс пайдаланып ойнады.

**Дидактикалық ойындар:** «Жыл мезгілдері», «Кімде не бар?», «Сиқырлы қалта», «Төлін тап», «Дүкен», «Не қайда мекендейді?», «Пішінін тап» т.б.

Оқу жылы көлемінде «Еркетай» кіші тобының балалары сайыстарға қатыса білді.

**«Ұйымдастырылған ертеңгіліктер»** Балалар мерекелік ойын-сауықтар мен кештерге қатынасып өз өнерлерін көрсетуге: ән салуға, би билеуге, ойын ойнауға, ертегі кейіпкерлерін сомдауға қызығып қатысты.

### **Ата-аналармен жұмыс:**

Бірінші ата-аналар жиналысында ата-аналар комитетін сайланды. Өз баласына үлгілі ата-ана болуға балабақша және тәрбиешімен тығыз байланыста болуға шешті.

Ата-аналар жиналысы «Әдеп тәрбие -бастауы» деп аталады. Осындай жұмыс түрлері арқасында ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі артты, балабақша ұжымына деген сенімдік, құрметтеу белгілері жоғарылады.

Жарты жыл қорытындысы: Балалармен жұмыс жасау барысында оқу жылы көлемінде алдымызға қойған мақсатымызға жету үшін бірқатар жұмыстар атқарылды. Балалармен жеке жұмыс жасау жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін көзделді. Балалардың меңгерген және жеткілікті деңгейде меңгерген білім деңгейлері қорытынды білім деңгейіне сай бағаланды деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде, Егеменді еліміздің абыройын асқақтатар,өзінің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын,елін сүйетін,Отанын қадірлейтін ұл-қыздарымыздың қатары аса түссін десек оларға өнегелі тәрбие мен білім берейік.Болашақта Қазақстанның көк байрағын желбірететін рухани азаматтарды тәрбиелейік.

# “Біз балаларға ертегі айтамыз”



«Жолшы» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Бекітемін: *Түсіні*

«Жолшы» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Әдіскер: Жоламанова С

### Хабарлама

Тақырыбы: "Біз балаларға ертегі айтамыз!"

(Балаларға қандай ертегі кітаптар қажет)

«Еркетай» кіші тобы

Тәрбиешілер: Ұлықпанова Б.  
Кадирова В

2025 ж

Тақырыбы: "Біз балаларға ертегі айтамыз!"

(Балаларға қандай ертегі кітаптар қажет)

Ертегілер - сәби өміріндегі алғашқы әдеби шығармалардың бірі. Ертегі арқылы бала адамгершілік нормаларын меңгереді, эмпатияға үйренеді, рухани әлемін байытады, ойлау мен қиялын дамытады. Ертегі баланың санасына өзіндік емдік әсер етеді және оның кішкентай мәселелерінің шешімін табуға көмектеседі.

Баланың теледидарларға, гаджеттерге тұйықталу арқылы балалардың ересектермен қарым-қатынасы төмендей бастағаны себеп болады. Өз кезегінде, жұмыспен айналысатын ата-аналар балаларына аз уақыт бөледі.

Ата-аналардың басты міндеті - балаға ертегілерді үнемі оқып отыру және оқылған шығармалар бойынша баламен әңгімелесу, қарапайым сұрақтар қою арқылы айтылған ертегіден қызығушылығын байқау.

Мақсаты. Ата-аналарды кішкентай балаларға ертегілерді үнемі оқып, айтып беруге тарту.

Міндеттері.

Ата-аналарды балалармен ертегілерді үнемі оқумен таныстыру және оқылған шығармалар бойынша балалармен әңгімелесу, қарапайым сұрақтар қою.



## Баланы кітаппен таныстыру

Баланы кітаппен таныстыру және таныстыру - сәбидің дамуындағы өте маңызды кезең. Мұны ерте жастан жасау керек. Кішкентайлар үшін өте қарапайым сюжеті бар кітаптарды сатып алу керек, өйткені кішкентай балалар қиын жағдайларды түсінуге тұра бермейді. Егде жастағы балалар үшін баладан тереңірек түсінуді талап ететін күрделі сюжеттік желілер қазірдің өзінде қолайлы.

Ата-аналарының шығармаларында сүйікті ертегі кейіпкерлерін тану қабілетін дамыту.

Топтағы ертегілердің суреттерін балалармен бірге қарау Ертегілер күрделі және көп қырлы әлемге есік ашады, бір уақытта оқытады және көңіл көтереді, сондықтан оларды ештеңемен алмастыруға болмайды!

Балалармен ойнаңыз

Оқылған ертегіні талқылауда әртүрлі ойындарды, шығармашылық тапсырмаларды, театрландыруды қолданыңыз - бұл тапсырмаларды шығармашылықпен ойлауға және меңгеруге, балалардың танымдық, сөйлеу, шығармашылық әрекеттерін белсендіруге көмектесетін жағдаяттар:

"Ертегі кейіпкерлерін еске түсірейік..."

"Ертегінің басты кейіпкері кім болды..."

"Жақсы кейіпкер кім болды..."

"Саған кім көбірек ұнады..."



- Балалардың қызығушылығын арттыру ертегілерді тыңдауға.

- Үйдегі балаларға ертегілерді үнемі оқу.

- Балалардың сөйлеуін дамыту жатады.

Бала ертегімен өседі. Сондықтан үнемі ертегілерді оқып әр түрлі ойыншық кейіпкерлермен көрсете білу қажет.

# “Әкешім менің, баға жетпес байлығым”



## **Тақырыбы: "Әкешім – баға жетпес байлығым"**

### **Мақсаты:**

- Әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін ерекше көрсету.
- Әке мен бала арасындағы жақын қарым-қатынасты дамыту.
- Балабақша мен ата-аналардың серіктестігін нығайту.
- Балалардың қимыл-қозғалысын, сенсорлық қабілеттерін және шығармашылық ойлауын дамыту.

**Қатысушылар:** Тәрбиеші, әкелер, 2 жастағы балалар.

**Өтетін орны:** Балабақшадағы ойын бөлмесі немесе ашық алаң.

**Құрал-жабдықтар:** Доптар, жұмсақ ойыншықтар, түрлі түсті қағаздар, қарындаштар, стикерлер, музыкалық аспаптар, шарлар.

### **Жиналыстың барысы**

#### **1. Кіріспе бөлім (5 минут)**

##### **Тәрбиеші:**

– Құрметті әкелер, қош келдіңіздер! Бүгін біз ерекше кеш өткіземіз. Бұл кеш тек жиналыс емес, ол сіздер мен балаларға арналған ойын-сауыққа толы көңілді уақыт. Бала үшін әке – ең сенімді тұлға, ең жылы жан. Әкелердің махаббаты мен қолдауы – бала үшін үлкен қуат көзі.

(Әрбір әке өз есімін айтып, баласы туралы бір ерекше қызықты фактіні бөліседі. Мысалы: "Менің ұлым түнде жұлдыздарға қарап ұйықтағанды жақсы көреді!" немесе "Менің қызым аю ойыншығынсыз ұйықтамайды!")

#### **2. "Менің Әкем" – Ұлттық ойындар (5-7 минут)**

##### **Тапсырма:**

Әкелер мен балалар бірлесіп үлкен паракқа бояулармен немесе жапсырмалармен "Менің Әкем" атты сурет салады.

- Балалар әкесінің портретін бейнелейді.
- Әкелер суретке қосымша ретінде баласына арнап қысқа хат немесе жылы сөз жазады.
- Барлық жұмыстар көрмеге қойылады.

□ **Мақсаты:** Баланың әкесін тану дағдыларын дамыту, жақындық сезімін нығайту.

#### **3. Ойындар мен тапсырмалар (20 минут)**

##### **1. "Әкемнің иығында әлем үлкен!" (Қимыл-қозғалыс ойыны)**

**Мақсаты:** Әке мен баланың физикалық байланысын арттыру, қимыл-қозғалысты дамыту.

##### **Қалай ойналады?**

- Әкелер балаларын иықтарына отырғызып, кедергілерден өтеді (мысалы, жұмсақ ойыншықтарды айналып жүреді, туннельдің астынан еңкейіп өтеді).
- Барлығы мәреге жеткенде, жеңімпаз анықталмайды – бастысы көңілді уақыт өткізу!

## 2. "Әке мен баланың жүрек соғысы" (Сенсорлық байланыс ойыны)

**Мақсаты:** Бала мен әкенің эмоциялық байланысын күшейту.

**Қалай ойналады?**

- Әкелер балаларын құшақтап, оларды кеудесіне қойып, жүрек соғысын тыңдатады.
- Содан кейін тәрбиеші сұрақ қояды: "Сенің әкеңнің жүрегі қалай соғып тұр?"
- Балалар өз сезімдерімен бөліседі ("Жылы", "Күшті", "Тез", "Баяу").

## 3. "Әкемнің қолы – сиқырлы" (Заттарды тану ойыны)

**Мақсаты:** Бала сенсорикасын дамыту.

**Қалай ойналады?**

- Әкелердің қолы қапшыққа салынады, ал балалар көзі жұмулы күйде олардың қолын сипап тануы керек.
- Кейін балалар "Менің әкемнің қолы – ең жылы!", "Менің әкемнің қолы – күшті!" деп әсерлерімен бөліседі.

## 4. "Шарды әкеммен бірге жарып көрейік!" (Күлкілі ойын)

**Мақсаты:** Баланың қорқынышын жеңу, көңілді атмосфера құру.

**Қалай ойналады?**

- Әке мен бала шарды бірге жарып, ішіндегі тапсырманы орындайды.
- Тапсырмалар жеңіл: "Әкеңді құшақта!", "Әкеңнің мұрнынан сүй!", "Әкеңмен секір!", "Әкеңді айналып жүгір!".

## 4. "Әкем – менің супер қаһарманым!" (Қорытынды бөлім) – 5 минут

**Тәрбиеші:**

– Әкелер – бұл суперқаһармандар! Олар бізді қорғайды, еркелетеді, мықты болуға үйретеді. Әр баланың жүрегінде әкесіне арналған ерекше орын бар.

**Сыйлық:**

- Әкелерге балалардың өз қолымен жасаған шағын сыйлығы беріледі (мысалы, бала сурет салған қағаз жүрек немесе "Мен сені жақсы көремін, Әке!" деп жазылған қағаз).
- Барлығы бірге естелік фотоға түседі.

**Қорытынды:**

Бұл ерекше жиналыс әкелерге өз балаларымен сапалы уақыт өткізуге мүмкіндік береді. Барлық ойындар мен тапсырмалар 2 жасар балалардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалды.

# “Әжелер сөзі-тәрбие көзі” әжелер сайысы



## «Әжелер сөзі-тәрбие көзі» сайысы

Жүргізуші:

Басталды, міне тойымыз,

Ұнады ән мен ойымыз

Шаттық, бақыт әкеліп,

Тойға ұлассын тойымыз.

Құрметті де аяулы әжелер, ұстаздар, қонақтар! Бүгінгі біздің «Әжелер сөзі-тәрбие көзі» атты тобының ұйымдастыруымен өткізгелі отырған «Ал, қапалы әжелер, қолы ортақ» отбасылық сайысына қош келдіңіздер!

Ортадағы қоржыннан әжелеріміз реттік сандарын таңдап:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

Жүргізуші:

Құрт пен майын жинаған

Балаларға сыйлаған

Бұл әжемнің өмірі

Таусылмайтын жыр маған.

Олай болса, әжелер бүгінгі сайыс кезеңдерімен таныстырып таңдауың:

1. «Шаңырағым, шаттығым» - өзін немесе отбасын таныстыру;
2. «Шебердің қолы ортақ» - қолөнер бұйымдарымен таныстыру;
3. «Өнерлі - өрге жүзер» - өз өнерін көрсету;

Сайысымызға төрелік айтып, әділ бағасын береріңізді қалаймыз. Сайысымызға алқаларымен таныс болыңыздар:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

Ал, олай болса, әжелер, бүгінгі сайысымызды бастауға дайын ба? Ендеше, бірінші кезеңімізге кезек берейік.

1. **I кезең - «Шаңырағым, шаттығым».** Бұл кезеңде өз отбасын таныстырып өтесіздер.

Әжелер, сіздерге үлкен рахмет!

**Музыкалық үзіліс**

**Балалардың орындауында хор**

**«Менің әжем қандай?»**

2. **II кезең**

**«Шебердің қолы ортақ» - қолөнер бұйымдарымен таныстыру.**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

## **ХОР: НАУРЫЗ ТОЙ**

3. III кезең – «Өнерлі - өрге жүзер» - өз өнерін көрсету.

Өнер білім тапқырлықтың тарланы,

Еңбектегі әріптестер мақтаны.

Өнерінді ортаға сал, сайысқа

Өнер көрсет, әжелердің сайысында

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

## **Қыздардың орындауында «Торсық» биі**

Әділ қазы алқалары дайын боламын дегенше, әсем әнге кезек берейік. Ендігі сөзді төрешілерге берейік. (әжелеріміздің ұлттық киімін сайыс бойы өзін қалай ұстағанын, сөйлеу мәдениетін, жүріп - тұрғанын, бәрін де есептеген жөн).

### **Қорытынды**

Әділқазы алқалары сөз алып, әр номинация бойынша әжелерімізді марапаттайды, жүлде тағайындайды. Құрметті қонақтар, сайысқа қатысушы әжелер! Бүгінгі «Әжелер сөзі-тәрбие көзі»

атты сайысымызға қатысқандарыңыз үшін үлкен алғыс білдіреміз.

Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, бақ, береке тілейміз. Аман болыңыздар!



# Ашық есік күні





«Жолшы» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Бекітемін: *ЖШ*

«Жолшы» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Әдіскер: Жоламанова С

Ашық есік күні  
Хабарлама  
«Еркетай» кіші тобы

Тәрбиешілер: Ұлықпанова Б.  
Кадирова В

14.02.2025 ж

Тәрбиеші педагогтер: Ұлықпанова Б. Кадирова В.

Ашық есік күні ата-аналарды ынтымақтастыққа, балабақшаның тәрбие жұмысына қызығушылық танытуға, сол арқылы таңертең балабақшада баламен бірге өткізуге тарту мақсатында өткізілді.

Қатысушылар:

Тәрбиешілер, ата-аналар, кіші топ тәрбиеленушілері.

Мақсаты:

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ашық ақпараттық кеңістігін бірлесіп ұйымдастыру арқылы ата-аналармен достық қарым-қатынас орнату.

Тапсырмалар:

1. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің білім беру кеңістігіне отбасын тарту

2. Ата-аналардың балалармен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау

3. Балаларды тәрбиелеуге ата-аналарды белсендіру және тарту.

Материалдарды таңдау:

- таңертеңгілік жаттығулар кешені

- таңертеңгілік жаттығуларға арналған музыкалық репертуар

Мақсаты: балалармен бірлескен дене шынықтырудан қуаныш пен ләззат сезімін қалыптастыруға ықпал ету



Отбасының салауатты өмір салтын қалыптастыру

- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту және қол еңбегін қалыптастыруға арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша мазмұны

### «Таңғажайып түстер әлеміндегі пішіндер»

Ұйымдастырылған оқу іс әрекет атауы: Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

**Мақсаты:** Балаларға түстер туралы түсініктер беру. Түстерді тану және оларды атау дағдыларын дамыту. Түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Тақырып бойынша түсінік беру, жаңа сөздермен танысу. Сөздік қорын молайту. Саяхат сабақ арқылы, сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.

Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Түстерді

ажыратуды және дұрыс айтуды дағдыландыру. Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу дағдыларын дамыту.

**Белсенділік орталықтар:** Физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік, танымдық сенсорикалық дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту.

**Ресурстар :** түрлі-түсті ойындар кілемшесі, сандық, түрлі түсті жіңішке жол, түрлі-түсті асықтар, ою өрнектер, түрлі түсті қолдорба, тапсырма айналатын фортуна, белгі дыбыс (сигнал) шығаратын ойыншық, үлестірмелі карточкалар, ас содасы, лимон қышқылы, сабын су, тамаққа қосатын түсті өзгерткіш.



### Негізгі кезең

1. Ата-аналар мен балалардың кездесуі, топқа шақыру.

2. Ата-аналардың ҰОҚ қатысуы: қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру; қол еңбегі.

**Мақсаты:** Ата-аналар мен балаларды балабақша өмірімен таныстыру. Баланы ата-аналармен бірлесіп өнімді тәрбиелеу - бұл балаларды тәрбиелеудің өзекті мәселелерінің алдын алу және шешу үшін отбасы мен балабақшаның өзара әрекеті. Отбасы мен балабақшаның өзара әрекеттесуінің бір түрі - "Ашық есік күні". Балалар өмірінің атмосферасын сезіну, мұғалімдердің жұмысын өз көздеріңмен көру өте маңызды.



**Тапсырмаларды анықтады:**

- Мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен тәрбиеленушілердің ата-аналары арасында мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасы жағдайында балаларды тәрбиелеу мен дамытуды оңтайландыру мақсатында тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету;

-Балалар мен ата-аналардың бойында қуанышты, көңілді көңіл-күй қалыптастыру;

-Ата-аналардың мектепке дейінгі білім беру мекемесі қызметкерлерінің педагогикалық қызметі туралы түсініктерін кеңейту;

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ашық есік күнін өткізу ата-аналарға балабақшада күнді "өткізуге" мүмкіндік береді.

Бұл күні олар тәрбиешілердің балалармен бірлескен іс-шараларының әр түріне қатыса алады, күнделікті жұмыс уақытының ұйымдастырылуымен және мазмұнымен; серуендеуімен, мекеменің пәндік-дамытушылық ортасымен, тәрбиеленушілердің көркемдік және шығармашылық қызметімен таныса алады; мамандардан қажетті консультациялық көмек алу. Балалар өмірінің атмосферасын сезіну, бір тілекпен біріктірілген тәрбиешілердің жұмысын өз көзіңізбен көру - баланы түсіну, оның өзін-өзі ұстауына көмектесу.

Жұмыстың бұл түрі мүмкіндік береді:

Педагогтің- әр түрлі педагогикалық техниканы, әдістерді, технологияларды меңгере отырып, балалармен жұмыс жасауда өз шеберліктерін көрсету. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынас жасау тәсілі ата-аналарға көп нәрсені үйрете алады.

Ата-аналар үшін - мектепке дейінгі білім беру мекемесінде балалармен жүргізілетін жұмыс түрлерімен танысу, балабақшада баланың қаншалықты жайлы екенін бағалау, сондай-ақ мамандармен немесе тәрбиешілермен жеке әңгімелесу кезінде кейбір мәселелерді шешу, бұл кішкентай қадам бала мен ата-ананы жақындастыру.

Мұның бәрі балабақшаның ата-аналар мен қоғам үшін ашық болуына мүмкіндік береді, педагогикалық ұжымның қоғамдағы жұмыс тәжірибесінің таралуына ықпал етеді.

Бекітемін:

«Жолшы» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Әдіскер: Жоламанова С

## Хабарлама

Көктемгі көгалдандыру

«Еркетай» кіші тобы

(Әкелер ,аналар мектебі)

Тәрбиешілер: Ұлықпанова Б.

Кадирова В


Психолог:

Аманғосова Р

Бүгін біздің «Еркетай» кіші топтағы балдырғандарымен және осы топтың ата-аналарымен бірлесіп балабақша ауласында көркейту және тазалық жұмыстарын жүргіздік. Балалар аналардың және тәрбиешілердің көмегімен гүл отырғызып, айнала тазалауға белсенді қатысып, еңбек етуге, табиғатты қорғауға алғашқы қадамдарын жасады. Бұл шара олардың қоршаған ортаға деген қамқорлық сезімін оятып, ұжыммен жұмыс істеу қабілетін дамытуға бағытталған.



Ата-аналар және бүлдіршіндер жұмысты қызығушылықпен қуанышпен атқарды. Өз қолдарымен отырғызған әртүрлі көкөністерді және гүлдерге су құйып, оларды күтіп баптауға уәде берді.



Осындай іс-шаралар баланың жан-жақты дамуына, еңбекке деген сүйіспеншілігін арттыруға үлкен әсер етеді.

**Жүргізген:** психолог Райым Аманғосова

**Ойын:** «Табиғатқа саяхат»

(ата-аналармен жүргізілген ойын)

**Мақсаты:** Ата-аналар мен балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, бірлескен әрекет арқылы қарым-қатынасты нығайту.

**Қатысушылар:** Ата-аналар мен балалар (2 командаға бөлінеді)

**Құралдар:** Түсті карточкалар, жұмбақтар, табиғат элементтерінің суреттері, марапаттар.

### **Ойын барысы:**

#### **1. Таныстыру кезеңі:**

- Әр команда өз атауын, ұранын және эмблемасын таныстырады.

#### **2. «Түстер әлемі» ойыны:**

- Қатысушыларға түрлі түсті карточкалар беріледі.

- Әр түске сәйкес табиғат элементін атау керек (мысалы, жасыл – жапырақ, көк – аспан).

#### **3. Жұмбақтар шешу:**

- Табиғат құбылыстары мен жануарлар туралы жұмбақтар оқылады.

- Дұрыс жауап берген командаға ұпай беріледі.

#### **4. Қимыл-қозғалыс ойыны:**

- Табиғат құбылыстарын қимылмен көрсету (жел, жаңбыр, күн шуағы).

#### **5. «Сөзжұмбақ» кезеңі:**

- Табиғатқа байланысты сөзжұмбақты шешу.

#### **6. Қорытынды:**

- Жеңімпаз команда марапатталады.

- Барлық қатысушыларға алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталады.

Бекітемін:

«Жолшы» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Әдіскер: Жоламанова С

Тақырыбы : **«Жасанды интеллект технологиялары,  
балалар үшін пайдасы мен зияны!»**

«Еркетай» кіші тобы

(Әкелер ,аналар мектебі)

Тәрбиешілер: Ұлықпанова Б.  
Кадирова В

Психолог: Аманғосова Р

## **ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ: БАЛАБАҚША БАЛАЛАРЫ ҮШІН ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ**

### **Кіріспе**

Цифрлық дәуір дамыған сайын білім беру саласына түрлі жаңа технологиялар дендеп еніп жатыр. Соның бірі — жасанды интеллект (ЖИ) жүйелері. Бүгінгі таңда балабақша жасындағы балалар да бұл үдерістен тыс қалмай, заманауи құрылғылармен танысып, цифрлық ортада ойнай бастады. Осындай жағдайда біз, педагогтар мен ата-аналар, жасанды интеллекттің бүлдіршіндерге тигізетін әсерін ғылыми және педагогикалық тұрғыдан сараптап, оның пайдасы мен ықтимал зиянын нақты бағалауымыз қажет. Себебі мектепке дейінгі кезең — тұлғаның іргетасы қаланатын шешуші кезең.

---

### **Жасанды интеллект: ұғымы мен қолданысы**

Жасанды интеллект — бұл адамның танымдық қабілеттерін еліктей отырып, шешім қабылдай алатын, үйренуге бейім, сандық жүйелердің жиынтығы. Балаларға арналған ЖИ құралдарына мыналар жатады: ақылды роботтар, сөйлейтін ойыншықтар, интерактивті оқу қосымшалары, бейімделмелі анимациялар, тіл үйретуші платформалар және т.б.

Кейбір балабақшаларда интерактивті тақталар, сөйлеуді танитын оқу бағдарламалары, тіпті қарапайым балалар роботтары арқылы баланың ойлау дағдысын жетілдіру тәжірибелері басталып кетті. Бірақ осы игіліктердің артында елеусіз қалатын қауіптер мен этикалық мәселелер де бар.

---

### **Пайдалы жақтары**

#### **1. Баланың танымдық қабілетін дамыту**

ЖИ негізіндегі ойындар мен тапсырмалар баланың зейінін, есте сақтауын, логикалық ойлауын дамытуға көмектеседі. Балалар қызықты мультфильм форматында берілген тапсырмалар арқылы жалықпай үйренеді.

#### **2. Инклюзивті білім беруге мүмкіндік**

Дамуында ерекшелігі бар балаларға арнайы бейімделген ЖИ құралдары — педагогтың көмекшісіне айналады. Мысалы, сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаға дыбыстық тану бағдарламалары арқылы үйден де жаттығу жасауға мүмкіндік беріледі.

#### **3. Тілдік дамуға қолайлы орта**

ЖИ технологиялары арқылы балалар бірден бірнеше тілді тыңдап, көріп, қайталап үйрене алады. Бұл ерте жастағы тіл меңгеруге өте тиімді тәсіл. Түрлі қосымшалар (мысалы, “Lingokids”, “Kiboomu Kids”) сөйлеу, түсіну, және сөздік қорды арттыруға ықпал етеді.

#### **4. Педагог жұмысының тиімділігін арттыру**

Ақылды технологиялар арқылы баланың даму барысын бақылап, дербес оқу траекториясын құру жеңілдейді. Бұл мұғалім үшін уақытты үнемдеуге, баламен тереңірек жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

---

### **Зиянды тұстары**

#### **1. Әлеуметтік оқшаулану қаупі**

Баланың эмоциялық-әлеуметтік дамуы тірі қарым-қатынас арқылы қалыптасады. ЖИ-мен ұзақ байланыста болған бала шынайы эмоцияны ажырата алмай, тіл дамуы тежелуі мүмкін.

#### **2. Қозғалыс белсенділігінің төмендеуі**

Кішкентайлар ұзақ уақыт экран алдында отырғанда моторикалық және физикалық белсенділігі шектеледі. Бұл бұлшық еттің, қимыл-қозғалыстың және көру мүшелерінің дамуына кері әсер етеді.

#### **3. Тәуелділік туындатуы мүмкін**

ЖИ құралдарына тәуелді болу — баланың табиғи қызығушылығы мен қиялын басып тастауы мүмкін. Экрандық мазмұн баланың сыртқы әлемге деген қызығушылығын бәсеңдетіп, тек дайын дүниеге үйретіп қояды.

#### **4. Этикалық және қауіпсіздік мәселелері**

Балабақша жастағы балалар жеке деректердің қауіпсіздігін түсінбейді. Ал ЖИ платформалары арқылы кей деректердің сыртқа кету қаупі бар. Бұл мәселеге мұқият қарау қажет.


---


### **Қорытынды**

Жасанды интеллект – қазіргі заманның ажырамас бөлігі. Ол баланың дамуына үлкен мүмкіндік те бере алады, егер ол орынды, шектеулі және педагогикалық бақылаумен қолданылса. Балабақша кезеңінде бала әлі тұлғалық жағынан қалыптасу үстінде болғандықтан, технологияны қолдануда шектен тыс асыра пайдаланудан аулақ болу керек.

**Біздің басты міндетіміз – технологияны баланың орнына қолдану емес, технологияны баланың дамуына қызмет ететін құрал ету. Ол үшін:**

- Қолдану уақыты шектелуі керек (20–30 минуттан аспау тиіс);
- ЖИ құралдарын тек педагогтың немесе ата-ананың бақылауымен пайдалану қажет;
- Нағыз тірі қарым-қатынас пен шығармашылық ойындар ешқашан шеттетілмеуі тиіс.







2024 -2025 жылының тәрбие жұмысы туралы талдамалық есеп.  
«Еркетай» кіші тобы

Топ құрамы - балалардың жалпы саны- 28

Ұлдар – 15, қыздар – 13. Жас ерекшелігі – 2 мен 3 жас.

Жыл бойы балалар жасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы негізінде жұмыс жасалды. Балалар бағдарламалық материалдарды және дамудың барлық бағыттары бойынша оң динамиканы көрсетті. Барлық балалар балабақшаға жақсы бейімделді. Жаңадан келген балаларды алғаш балабақшаға бейімдеу үшін ата –аналармен бірлесе отырып көптеген жұмыстар жасалды. Ата-аналармен тығыз байланыста болдық. Қарқынды жұмысымыздың арқасында топ балалары тездеп тәрбиешіге үйреніп, бақшаға бейімделді.

Сапалы тәрбие жұмысын өткізу үшін әртүрлі әдістер қолдандық.

**1. Ойын.**

2. Үлкендерден үлгі алу.

3. Табиғат объектілері.

4. Заттық әлемі.

Ойынның барлық түрлерін қамту

**Жұмыс түрлері;**

1. Ата-анамен жұмыс.

2. Балалардың өзіндік еңбегі.

3. Баламен тәрбиешінің қарым қатынасы.

Жыл бойы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін әртүрлі жағдайлар жасалды. Балаларды жеңіл киіммен жүруді, та ауада болуды, күн тәртібі бойынша, дене шынықтыру жаттығуларына, қимылды және дидактикалық, сюжетті ролдік, еркін ойындарға қызығушылық көрсетуге үйренді. Күнде 3-5 минут көлемінде таңертенгілік гимнастика өткізілді. 5 дағды бойынша балалармен ауқымды жұмыстар жүргізілді. Дене шынықтыру сабағы аптасына 3 рет өтті. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде балалар жүруге және жүгіруге үйренді, бір-біріне соғылып-қағылмай, бір орында екі аяқпен секіруді және алдыға жылжуымен, допты лақтыруды оны сырғанатуды т.б қимылдарды жасауды меңгерді. Жыл барысында балаларға гигиеналық этикалық дағдылар үйретілді. Барлық тәрбиешілер қол жууды, әсіресе келгенде, серуеннен келгенде, өзінің жеке сүлгісімен сүртінуді біледі. Жеке заттарымен - тарак, жеке орамалды қолдануды біледі.

Үстел үстіндегі мінез- құлықтары да қалыптасқан- балалар тама таза жеуге үйренді, өз –өзіне еркін қызмет ете алады. Дастарха басында сөйлемеуді, тамақты дұрыстап шайнауды, қасық ұстау майлықпен қолдануды меңгерді.

Киімдерді дурыс шешіп және оны ретімен шкафтарына жинап қоюды, көмексіз киінуды үйренді.

Айналамен таныстыру жұмысы жүйелі жүргізілді. Біз қоршаға ортанын жақын нысандарымен балаларды таныстырдық.

Үлкендердің еңбегі туралы мағлұмат бердік.

Нәтижесінде барлық балалар әртүрлі ойыншықтар, жиһаз, киім кешек, ыдыс- аяқ, көкөністер мен жеміс- жидек, көліктер атаулар біледі.

Барлық тәрбиеленушілер сондай –ақ топтық бөлмелерде бағытталған.

Олар өз атын, тәрбиешілердің, тәрбиеші көмекшісінің аты жөнім атайды.

Көп көңіл балалардың табиғат біліміне аударылды. Құстар, үй и нуарлар, жабайы аңдарды ажырата біледі. Біз табиғи құбылыста жапырақ түсу, қар жау, гүлдер, талдар түрлерін т.б табиғат тамашаларын бақылауды үйреттік.


Қазір балалар амандасу, қоштасуды, сұрану деген сөздерді жақсы біледі жақсы мен жаманды айыра алады. Әр түрлі сұрақтарға ер жауап береді.

Жыл соңында балалар түрлі түсті заттарды топтастыруды біледі. Түрлі пішіндерді атайды, сандарды санай алады, алға, артқа, қыс ұзын, пішіндерді, түстерді, ертегінің кейіпкелерін т. б түсініктерді меңгерді.


2025 жылдың қаңтар айында ата -аналармен бірлесе отырып, балалармен бірге далаға аққала, әдемі түрлі- түсті бояуларды пайдаланып ертегі қаланы мүсіндедік.

Қыс мезгілінің ерекшелігімен табиғат аясында танысып, ойындар ойналып, балаларға ерекше әсер қалдырдық, бақшамыздың инстаграм жеке парақшасында видео ролик салдық, аналар пікірлі қалдырып, өз ойларымен бөлісті.

Ойын түрлері шанамен сырғанау, қар лақтыру, аққала жасау т.б ойын түрлерімен ойнады. Қыс мезгілі қызықты өтті. Балалардың толыққанды өсіп жетілуіне таза ауа мен күнделікті күн тәртібін сақтай отырып баланың өсіп дамуына ықпал жасадық.



2025 жылдың акпан айында кіші топта дене тәрбиесінен ойын түрінде ашық оқу іс- әрекеті өткізілді тәрбиешісі В Кадирова. Ашық оқу іс- әрекеті қызықты әрі белсенді форматта ұйымдастырылды. Балалар арнайы ұйымдастырылған қозғалыс ойындарына қатысып, түрлі жаттығулар орындады. Ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті жоғары деңгейде өтті. Мұндай сабақтар балалардың денсаулығын нығайтып, физикалық дамуына оң әсерін тигізеді.



2025 жылдың акпан айында кіші топта қызықты математикадан ойын түрінде ашық оқу іс -әрекеті өткізілді тәрбиешісі Б Улукпанова.

Ашық оқу іс- әрекеті жоспарға сай қызықты әрі ойын түрінде ұйымдастырылды. Ойын элементтері арқылы балалардың қызығушылығы артып, белсенділігі жоғары болды. Балалардың


математикалық түсініктері, логикалық ойлау қабілеттері және сөз қорлары дамыды.



2025 жылдың ақпан айында ата -аналармен тығыз байланыста бірлесе жұмыс істей отырып, «Әкешім менің баға жетпес байлығым» атты әкелер сайысы өткізілді. Тәрбие отбасына басталады демекші әкелеріміздің балаларға беретін тәрбиесі маңызды. Сайыс өте қызықты өтті. Толық түсіріліп балабақшамыздың инстаграм парақшасына жарияланды.



2025 жылдың наурыз айында «Көктемнің гүлдері» атты ертеңгілігіміз өтті. Ертеңгілікте барлық бала қамтылды, балалар жақсы өнер көрсетті. Ата –аналар алғысын айтты, басшылықтың көңілі толды.




2025 жылдың 14-наурызда өзіміздің ұлттық «Көрісу күні-Наурыз мерекесі» бала бақшамызда атап өтілді. Ата-аналар белсене қатысып, балалармен бірге көрісу күніне байланысты түрлі тәрбиелік іс-шаралар өткізілді. Балалар ұлттық киім киіп, ата-аналармен бірге көрісу дәстүрін сахналап көрсетті. Сонымен қатар, ұлттық ойындар ойнатылып, салт-дәстүрге байланысты ән айтылды. Ата-аналар тарапынан жылы лебіздер айтылып, балабақша ұжымына алғыстарын білдірді. Мұндай іс-шаралар ата-анамен байланыс орнатып баланың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізеді.



2025 жылдың наурыз айында “Әжелер сөзі-тәрбие көзі” әжелер сайысы өткізілді. Іс-шараға әр баланың әжесі мен немересі қатысып, түрлі кезеңдер бойынша өнерлерін көрсетті. Сайыс шарттары бірнеше бөлімнен тұрды. Таныстыру, шебер қолдар, өнә көрсету, сұрақ жауап. “Әжелер сөзі-тәрбие көзі” сайысы өте жыл

әрі тәрбиелік мәні зор іс-шара болды. Балалар мен әжелер белсенділік танытып, өзара мейірімділік пен махаббатқа толы кеш сыйлады. Қатысушыларға арнайы алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.



2025 жылдың наурыз айында Ұлттық спорт күніне арналған кешке балалар мен ата-аналар белсенді қатысып, түрлі спорттық ойындар мен жарыстар ұйымдастырылды. Кеш бойы қатысушылар ұйымшылдық, жылдамдық және шапшандық танытып, балалар мен ата-аналар арасында достық пен серіктестік сезім нығая түсті. Балалар өздерінің ептіліктерін күшін және төзімділігін көрсетті. Ата-аналар тарапынан іс-шараға оң пікірлер айтылып, алғыс білдірілді.



2025 жылдың сәуір айында үш күндік апталық іс-шара өткізілді.

Бірінші күні «Құстардың ұя қалашығы»

Балаларға көктемнің келуімен құстардың оралуы туралы түсінік беріліп, құстарды қорғау жайлы әңгіме жүргізілді. Дайын ұялар ағаштарға ілінді. Балалар құстарға қамқор болу, табиғатты аялау туралы әңгімелер айтты. Бұл іс-шара балалардың жанашырлық, қамқорлық сезімін тәрбиелеуге бағытталды.



### Екінші күні «Еңбек – бәрін жеңбек»

Балалармен бірге балабақша ауласына және топтағы гүл отырғызатын горшоктерге гүл отырғызып, суарылды. Балалар еңбекке қызығушылықпен қатысып, топырақтың, судың және күтімнің гүл өсуіндегі маңызы туралы білді. Бұл әрекет арқылы балалардың еңбекке баулуы мен табиғатты аялауға деген ынтасы оянады.



Апталықтың үшінші күні «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» Ата -аналармен бірлесе отырып, балабақша ауласындағы арнайы бөлінген жер теліміне көкөністер (қияр, сарымсақ, тұшы бұрыш, аскабақ т.б) мен гүлдер егілді. Балалар ата аналарымен бірі еңбекке араласып, жер өңдеу, суару жұмыстарын атқарды. Бұл күн балалар үшін ерекше әсерлі әрі қуанышты болды. Ата- аналар белсенділік танытып, тәрбиелік мәні зор шараға өз үлестерін қосты. Апталық өте нәтижелі және тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті.



2025 жылдың мамыр айында “Біз- болашақ ұландармыз!” атты ертеңгілік өткізілді, іс- шара барысында балалар Отан, батырлық, ерлік туралы тақпақтар айтып, патриоттық мәні бар ойындар ұйымдастырылып, балалар белсене қатысты. Қыз балалар өз өнерлерін көрсетіп, ер балаларға қолдау білдірді. Іс-шара мерекелік көңіл күйде, ұйымшылдықпен өтті. Осындай ертеңгіліктердің балалардың рухани дамуына, Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда маңызы зор.



2025 жылдың маусым айында «Сүйкімді періштелер сендерсіңдер» атты балаларды қорғау күніне орай балабақша ауласында мерекелік ертеңгілік өткізілді. Аулада түрлі безендірулер мен әсем әуендер балалардың көңіл күйін көтеріп, мерекенің шырайын аша түсті. Іс-шара ойын сауық түрінде өтті. Балалар ән айтып, би билеп, тақпақ айтты. Балалар достық, мейірімділік секілді құндылықтарды бойларына сіңіріп, тамаша әсер алды.

